

**2021 жылға арналған Аршалы ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № А-230 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 қарашада № 8175 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8) тармақшаларына, 27 бабы 1 тармағының 2), 3) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес 2021 жылға арналған Аршалы ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес 2021 жылға арналған Аршалы ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы сұраққа жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т.Муханбеджанов*

Аршалы ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 25 қарашадағы  
№ А-230 қаулысына  
1 қосымша

**2021 жылға арналған Аршалы ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	"КАЗШПАЛ" акционерлік қоғамы	242	1,2

Аршалы ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 25 қарашадағы  
№ А-230 қаулысына  
2 қосымша

**2021 жылға арналған Аршалы ауданында пробақия қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	"КАЗШПАЛ" акционерлік қоғамы	242	1,2